

"Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қыркүйектегі № 983 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 шілдедегі № 834 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 7 ақпандағы № 101 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.02.2013 № 101 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қыркүйектегі № 983 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған бағдарламада:

«Бағдарламаның паспорты» деген бөлімде:

«Нысаналы индикаторлар» деген жолда:

бірінші бөліктегі:

жетінші, он екінші, он төртінші және он бесінші абзацтар алынып тасталсын;

бесінші абзацта «111» деген сандар «135» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қаржыландыру көздері мен көлемдері» деген жолда:

«17,973,495», «23,249,269» деген сандар тиісінше «15,343,838», «24,532,181»

деген сандармен ауыстырылсын;

«Ағымдағы жағдайды талдау» деген 3-бөлімнің «Саланың дамуын мемлекеттік реттеудің қолданыстағы саясатын талдау» деген 3.5-кіші бөлімнің алтыншы бөлігі 1-тармағының 12) тармақшасы алынып тасталсын;

«Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері» деген 4-бөлімде:

«Бағдарламаның мақсаты» деген 4.1-кіші бөлімнің 2) тармақшасындағы «ІТ» деген аббревиатура «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Нысаналы индикаторлар» деген 4.2-кіші бөлімде:

б і р і н ш і б ө л і к т е :

6), 12), 13) және 14) тармақшалар алынып тасталсын;
4) тармақшада «111» деген сандар «135» деген сандармен ауыстырылсын;
екінші бөліктің бірінші абзацындағы «ІТ» деген аббревиатура «
ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» деген сөздермен ауыстырылсын;
«Бағдарламаның міндеттері» деген 4.3-кіші бөлімде:
«Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту және дамыту»

4 . 3 . 1 - т а р а у д а :

«Телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту» деген кіші бөлімнің
екінші бөлігінің 4) тармақшасы алынып тасталсын;
«Пошта саласын дамыту» деген кіші бөлімнің бірінші бөлігінің 1)
тармақшасы алынып тасталсын;
«Жоғары технологиялық жабдықтың отандық өндірісін дамыту» деген 4.3.5-

т а р а у д а :

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:
«Бұдан басқа, АКТ саласында елдің зерттеу әлеуетін қалыптастыру және
дамыту мақсатында бағдарламада шетелдік серіктестердің қатысуымен
ақпараттық технологиялардың ғылыми-зерттеу институтын құру мәселесін
қарастыру көзделген. Қазақстан Республикасында ақпараттық технологиялардың
ғылыми-зерттеу институтын құрудың АКТ бойынша ғылыми зерттеулер мен
технологиялық әзірлемелер, стандарттау және нормативтік құжаттамалар,
сертификаттау және метрология, жобалау-консалтингтік және коммерциялық
қызмет салаларындағы мәні зор»;

тоғызыншы бөлік «болып табылады.» деген сөзден кейін мынадай
мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Бұл ретте, «Алатау» АТП АЭА базасында жоғарғы технологиялар
саласындағы инвестициялық ІТ-жобаларды қаржыландыру жөніндегі
мамандандырылған ұйымдар шеңберінде болашағы бар ІТ-стартап зерттеулерді
қолдау мен дамыту және оларды одан әрі нарыққа шығару үшін
бизнес-платформаны құруға мүмкіндік беретін бизнес-инкубаторларды енгізу.»;

«Әрбір міндет бойынша нәтижелер көрсеткіштері» деген 4.4-кіші бөлімде:
«Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту және дамыту»
міндеті» деген 1 - тармақта:

«Ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы» деген жолдың 4-бағанындағы «
111» деген сандар «135» деген сандармен ауыстырылсын;
«Интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділік тұтынушыларының
тығыздығы» деген жолда «тұтынушыларының» деген сөз «абоненттерінің» деген
с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

Интернет пайдаланушыларының тығыздығы	1 0 0 тұрғын-ға	33,9	44,5	Орта мерзімді
Салалық стандарттау деңгейі халықаралық нормаларға дейін жеткізілген және Қазақстан Республикасында АКТ-ның дамуына ықпал ететін құқықтық негіз қалыптастырылған (үйлестірілген стандарттардың саны ақпараттық- коммуникациялық технологиялар стандарттарының жалпы санынан 76%)	%		76	Орта мерзімді

»;

«БҚ-ны әзірлеу және ІТ-қызметтер секторын дамыту» деген 5-тармақта: «ІТ-нарығының жалпы көлеміндегі қазақстандық қамтудың үлесі» деген жол мынадай мазмұнда жазылсын:

«

Қазақстандық қамтудың ІТ-нарығының жалпы көлеміндегі үлесі	млрд. тг	6,3	55	Орта мерзімді
--	----------	-----	----	---------------

»;

«Қажетті ресурстар» деген 6-бөлімде: «17,973,495», «23,249,269» деген сандар тиісінше «15,343,838», «24,532,181» деген сандармен ауыстырылсын; «Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» деген 7-бөлімде: реттік нөмірі 40-жолдың төртінші абзацтың 4 және 5-бағандардағы «Әділетмині» деген сөз және «2010» деген сандар сәйкесінше «ІМ» деген сөзбен және «2011» деген сандармен ауыстырылсын; реттік нөмірі 47-жолдың 7-бағанындағы «023» деген сандар «022» деген сандармен ауыстырылсын; реттік нөмірлері 65, 69-жолдар алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 76-1-жолмен толықтырылсын:

«

76-1	Қазақстан Республикасының аумағында жаңа буын 4G ұялы байланысының стандартын енгізу	БАМ-ға ақпарат	«Қазақте-леком» АҚ (келісім бойынша)	2013-2015 жылдар	Байланыс операторы-ның меншікті қаражаты
------	--	----------------	--------------------------------------	------------------	--

»;

реттік нөмірі 78-жолдың 6-бағанындағы «422 000*» деген сандар «420 400*» деген сандармен ауыстырылсын; реттік нөмірі 79-жолдың 5-бағанындағы «2010-2011» деген сандар «2010-2012» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 88-жолдың 2-бағаны «Алатау» АТП АЭА базасындағы бизнес-инкубация» деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 90-1, 90-2-жолдармен толықтырылсын:

«

90-1	Ақпараттық технологиялардың ғылыми-зерттеу институтын құру мәселесін қарау	БАМ-ға ақпарат	«Зерде» АҚ (келісім бойынша)	2011-2012 жылдар	Қаржыландыруды қажет етпейді	
90-2	«Алатау» АТП АЭА аймағында АКТ-кластерінің құрылысы мәселесін қарау	БАМ-ға ақпарат	«Зерде» АҚ (келісім бойынша)	2011-2012 жылдар	Қаржыландыруды қажет етпейді	

»;

реттік нөмірі 92-жолдың 6-бағанындағы «352 000*» деген сандар «351 821*» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 99-жолдың 2-бағанындағы ««Электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйесін қолдану үшін нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесін әзірлеу» деген сөздер «Қазақстан Республикасының бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпаратының жіктеуішін өзекті ету және ұсыну жүйесі» ақпараттық жүйесін дамыту» деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - б а ғ а н д а :

реттік нөмірі 100-жолда «2010-778 000», «788 531*» деген сандар тиісінше «778 366*», «654 923*» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 101-жолда «5 919 503*», «4 391 601*» деген сандар тиісінше «4 457 415*», «4 859 744*» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 103-жолда «308 577*» деген сандар «275 577*» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 112-жолда «1 239 860*» деген сандар «744 713*» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 113-жолда «654 370*» деген сандар «592 154*» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 116-жолда:

5-бағанда «2011-2013» деген сандар «2012-2013» деген сандармен ауыстырылсын;

6-бағанда «2011-10 000*» деген сандар алынып тасталсын; реттік нөмірі 120-жол мынадай мазмұнда жазылсын:

«

120.	«Электрондық үкімет» шеңберінде заманауи ақпараттық технологиялардың базасында Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай	Пайдалануға беру актісі	МГМ	2010-2012 жылдар		112
------	---	-------------------------	-----	------------------	--	-----

мемлекеттік жүйесін (ББМЖ)) құру			ТЭН-ге*** сәйкес	
--------------------------------------	--	--	---------------------	--

»;

6 - б а ғ а н д а :
реттік нөмірі 121-жолдағы «2 113 049*», «2 463 103*» деген сандар сәйкесінше «1 495 406*», «3 080 746*» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 122-жолдағы «1 127 817» деген сандар «1 347 817» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 123-жолдағы «629 720*» деген сандар «732 954*» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 125-жолда:
6 - б а ғ а н д а :
«15 000*» деген сандар «9 850*» деген сандармен ауыстырылсын;
«2010-34 000» деген сандармен толықтырылсын;
7-баған «004» деген сандармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*